



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ЭКОНОМИКА СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ

BULLETIN

ECONOMY SERIES

4(92) 2012

ЭКОНОМИКА И ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ МОДЕЛИРОВАНИЯ ЭКОНОМИКИ
THEORETICAL PROBLEMS AND THE QUESTIONS OF MODELLING OF THE ECONOMY

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Экономика сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия экономическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Economics series

№4 (92)

Алматы
"Қазақ университеті"
2012

ЭОЖ 005.44

Н.Б. Тастандиева

Халықаралық Бизнес Академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: n_tastandieva@mail.ru

Ғаламдану процестеріне көзқарастар мен талдаулар

Аңдатпа. Ерекше өзектілігіне ие болатын ғаламдану процесі әлемдік және ұлттық экономикада біршама мәселелерді тұғызып отыр. Қазіргі кезеңде әлемдік даму ғаламдану процесінің тікелей ықпалымен жүруде. Оның дүниежүзілік экономиканың дамуына, оның барлық салаларында өзіндік ерекше жағдай қалыптастыратынына әр ғалымдар әртүрлі ой қосады. Жалпы ғаламдану процесіне байланысты экономиканы басқаруды дұрыс таңдау тағайындалған приоритеттерден, тактикалық тәсілдерден, кәсіпорынның экономикалық тиімділігі тәуіелді болады. Ұсынылған мақалада әртүрлі экономикалық әдебиеттерді зерделей отырып ғаламданудың теориялық аспектілері және экономикадағы оның негізгі бағыттары әрі ғаламданудың жалпы экономикалық үдерістерге ғана емес, тауарлар мен қызметтер нарығына да, соның ішінде қаржы ресурстарына да әсері қарастырылады.

Түйін сөздер: ғаламдану, талдау, процесс, зертеулер.

Әлемде өтіп жатқан алып құбылыстар мен үдерістерді ауқымы жағынан алып қарасақ та, әрқайсысын салмағы жағынан алғанда да бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін ғаламдану үдерісінің заман уақиғасы деп қарастыруға болады. Өтіп жатқан мұндай маңызды өзгерістер және тағы бір тарихи кезеңнің аяқталуының куәгері және экономикалық ағым өз дамуының сапалы жаңа сатысына өтті. Экономикалық теория жағынан алғанда «ғаламдану» – әлем деңгейіндегі елдер өмірінің және экономиканың барлық салаларын қамти отырып, өзара қарым-қатынасты күшейту процесі. Бір жағынан алғанда, ғаламдану – сан қилы қиындықты, қарама-қарсылықты және көпфакторлы құбылыс. Осыған орай, әртүрлі ғылыми бағыттарды, мектептер мен саяси көзқарастарды жақтаушылар оған мүлдем әртүрлі ойлар қосады. Ғаламдануды түсіндірудің әртүрлі анықтамалары мен жолдары бар. Осыған қатысты көптеген пікірталастар айтылуда. Оның тереңге кеткен тамырлары мен ауыртпашылық зардабы туралы да қайшылықты пікірлер ұшырасады [1].

Ғаламдану дүниесіне кірудің дұрыс формуласын табу, оған бейімделу, ғаламдық бәсекелестік күшейіп отырған жағдайда әлемдік экономикалық және саяси қатарда қолайлы позицияда болу – өте маңызды мәселе. Ал ол үшін,

ең алдымен, ғаламдану үрдісінің ерекшеліктері неде екенін зерттеуге әрекеттену керек.

Экономикадағы жаһанданудың негізгі сипаттамасы автоматтандыру мен интеграциялау процестерін қиыластыру болып табылады. Британ экономисі Р. Робертсон [2] ғаламдануға жекеленген елдердің әлеуметтік болмысына халықаралық мәндегі түрлі факторлардың экономикалық және саяси байланыстардың, мәдени және ақпараттық айырбастың тағы сол сияқтылардың барған сайын өскелеңдене түскен ықпал ету процесі ретінде анықтама береді.

Ресейлік саясаттанушы К. Гаждиевтің пікірі де қызығушылық туғызады, ол ғаламдануды, бір жағынан, адамдардың күнделікті қарекетіне жер шарының басқа бір бөлігінде болып жатқан оқиғалар барған сайын ықпал етіп, екінші жағынан, жергілікті қауымдар әрекетінің маңызды ғаламдық салдары болатын жағдайдағы кеңістік пен уақытта әлеуметтік байланыстар мен институттардың кеңеюі мен тереңдей түсуі деп түсінеді [3, 9-28 б.].

Тұтастай алғанда, ресейлік талдаулардың ой-парасатында ғаламдануға деген «жақтырмаушылық» көзқарас тән. Ресей саясаттанушысы А. Панарин өзінің «Ғаламданумен дерттену» атты монографиясында ғаламдану процесін жойқын сынға ұшыратты. Ол ғаламдануды

«үшінші дүние» елдері үшін, дамушы және өтпелі кезең елдері үшін апатты жоба ретінде көрсетті, ғаламдануды табиғи ресурстарды соңғы рет бөлу, экономикалық жағынан барынша дамыған державалардың пайдасы тұрғысынан, трансұлттық корпорациялардың пайдасы тұрғысынан, ұлттық мемлекеттерді осы ресурстарға деген меншік құқығынан айыруды мақсат ету деп түсіндірді. Оның айтуынша, мұндай бөлудің нақты тетіктері шикізат ресурстарын мүмкін болғанша аз өңдей отырып, басым түрде экспорттау, капиталды сыртқа әкету, экономика инфрақұрылымының жоктығы, ұлттық элитаның халық мүддесін сатып кетуі, ұлттық мемлекеттілік пен дәстүрлі мәдениеттің күйреуі бой көрсетеді екен [4, 280-281 б.].

Экономикада ғаламдану үдерісінің дамуы әлемдік нарықта жаңа технологияларды пайдалану арқылы табиғи ресурстар мен ақпарат кеңістігіне бақылауға бәсекелестік сайыс жүргізеді. Бұл ерекше жаңа деректерді қабылдау, беру және өңдеу жүйелерінің дамуымен, сонымен қатар өзгермелі нарық жағдайына және инновацияларға сезімтал болып келетін өте жоғарғы ғаламдық желілерді құру арқылы іске асырылады.

Ғаламдану процесі экономикалық, ақпараттық, мәдени саладағы ұлттық сәйкестендіру процесімен тығыз байланыста жүреді. Ұлттық өзіндік мәнерге ұмтылу әлемдегі ақпараттық ашықтық пен жарысу үдерісін сәйкестендіру жағдайындағы әлеуметтік, экономикалық және саяси дамудың күшті ынталандыруы болып табылады. Мұндайда, ұлттық сана-сезімнің оянуы жаһанданумен байланысты күйреткіш күштерінің әсеріне қарсы қоғамның қорғаныс серпілісі ретінде табылады. Бұл – экономикада мемлекет ішіндегі дәстүрлі байланыстардың үзілісі, бәсекелесуге төмен өндірістің құлдырауы, жұмыссыздықтың шиеленісуі, мәдени және идеология салаларына осы қоғамға жат бастамалардың, байлықтың, мінез-құлықтардың сыналай енуі. Сонымен қатар қоғамдық әлеуметтік-экономикалық және идеологиялық сілкіністер неғұрлым күштірек болса, соғұрлым оған өткір жауап кейде ұлттық жауынгерлік және діндарлық форма ретінде әсер береді. Дәл осы жағдайда планетаның әртүрлі аймақтарында лаулайтын және қанды лаңкестікке апаратын діндарлық және этникалық қақтығыстардың көзқайнаулары жатыр [5].

Батыстың көптеген экономистері мен социологтары арасында ғаламдану процесі салдарының келешегін оптимистік көзқараспен бағалау әзірге артып келеді. Бұл идеологиялық фактормен байланысты, орталықтандырылған жоспарлы социалистік жүйенің күйреуі құндылық жүйеге сай келетін либерализмнің сөзсіз жеңісі ретінде қабылданды. Алайда объективті зерттеушілер мұндай идеологиялық жеңістің мақтанышына абай болуды ескертеді. Коммунизмнің құлауы жаңа формадағы капитализмнің жалғыз дұрыс жолы екенін білдірмейді. Америкалық Ч. Хэнди өзінің «Заман парадоксы» атты кітабында: «Тоталитаризмді жеңген демократияның салтанаты осы демократияда барлығы да өміршең екендігін білдірмейді» деп жазған. Ал басқа америкалық экономист Р. Аллен ғаламданудың экономикаға әсерін зерттей келе, тасқынды нарық үдерістері қазіргі нарықты реттеу концепциясына жатпайды деген шешімге келеді. Бұл концепция айналымда жүрген ақша массасы мен тұрақты және болжамалы атаулы ЖІӨ-нің динамикасы арасындағы байланыстан шығады. Сонда ғана, үкімет бұл ақша массасының көлеміне әсер ете отырып, инфляция өсімінсіз тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ететін құралды өз қолдарына алады. Р. Аллен қаржы нарығындағы ғаламдану аталмыш тұрақтылық пен болжамдылықтың өзгерісіне апаратынын бағдарлаған. Қазіргі реттеуші механизмдердің әлсіз тиімділігі жеке мемлекет пен әлемдік қоғамдастықтың экономикалық және әлеуметтік саяси ахуалдарының тұрақсыздануына жағдай туғызады. Бұл – әдетте әлемдегі қаржылық күйзелістің әлпеті [6].

Ғаламдану қаржы саласындағы тұрақсыздықпен қатар әлемдік экономикадағы сәйкессіздіктің нығаюына және әлеуметтік бөлінулердің дамуына әкеледі. Ағылшындық, канадалық, америкалық зерттеушілердің ізденістерінде өтпелі кезеңдегі ғаламдық экономика тағалап айтылады, яғни экономиканың жаһанды түріне айналуы оның жалпы динамикалық дамуын көрсетпейді, дегенменде біремізгілде жоғарғы динамикалық жүйелерді ерекшелуге, өте әлсіз және қолайсыз жағдайда болатын стагнацияға ұшыраған жүйелердің кеңеюіне апарды. Мұндай ойды дәлірек экономиканың ғаламдану жағдайындағы әлеуметтік әділеттілікке арналған Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) 81-сессиясында оның бас директоры М. Хансен айтып кеткен. Әлемдік жүйедегі ұлттық

экономикалық интеграция теңсіздік көрінісін әлсіздендіру не жоюдың орнына көп жағдайда, керісінше оны өткірлеп жіберді [7].

Бүгінде дүние жүзінде бір миллиардтан астам адам өте кедейшілік пен қайыршылық жағдайында өмір сүруде. Мұндай ахуал халықаралық деңгейде де мойындалып, сынға алынуда. 2000 жылы Нью-Йоркте мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының кездесуінде БҰҰ Бас хатшысы К. Аннан өз баяндамасында: «Ғаламдану көп мүмкіндіктер ашады, бірақ та қазіргі кезде оның игілігі тым біркелкі бөлінбей отыр, ал оның шығындарын баршамыз көтерудеміз. Біздің қазіргі басты міндетіміз – ғаламданудың миллиардтаған адамдарды қайыршылыққа салатын фактор емес, әлемнің барша халықтары үшін оң күшке айналуына қол жеткізу», – деп атап өткен [8, 132 б.].

Тағы бір үлкен мәселенің бірі – ғаламдану жағдайында оның біршама өзгеше мазмұнмен толығуы. Біз қазір көптеген елдер арасында ынтымақтастықтың, экономиканың әр түрлі салаларында екі жақты не көп жақты қатынастардың бұрынғыдан да күшейіп келе жатқанын көреміз. Бұл оң үрдіс, дегенмен де тәуелділіктің, қысымның, егемен мемлекеттерді, әсіресе ақпараттық және технологиялық салаларды бақылаудың жаңа формаларының туындап жатқаны белгілі.

Оның үстіне, егемендік принципінің өзі таяудағы он жылдарда қайтадан ой сарабынан өтетін болады. Тәуелсіздік пен егемендіктің бұрынғы анықтамалары тексеруге түсетін болады. Бұған себеп – факторлардың біріне ұлттүстілік ұйымдар мен құрылымдардың пайда болуы. Оларға ұлттық егемендіктің бір бөлігі беріліп, оның өзі ғаламданудың ажырағысыз бөлігіне айналды. Бұған көрнекі мысал – Еуропа Одағы.

Ресей зерттеушілері ғаламдануды елдің экономикалық ашықтығының өсуі (мұның өзі экономикалық қауіпсіздікке тікелей әсер етеді), сауданы ырықтандыру, капиталдың халықаралық қозғалысы деп атайды және де бұл терминді халықаралық интеграция мен шаруашылық тұрмысты интернационаланудың синонимі ретінде қолданады. Ғаламдану – бұл интернационаланудың жаңа кезеңдегі немесе біріктірілген экономикалық тұрмыстың жай ғана деңгейі емес. Бұл ХХ ғасырдың аяғынан ХХІ ғасырдың басына ұласқан әлемдік экономиканың төмендегідей бірқатар жаңа құрылымдары:

– әлсіз өзара байланыстағы елдер әлемдік экономикалық қоғамдастығы біртұтас экономикалық жүйеге айналады;

– ұлттық мемлекеттік формадағы азат өмірін жаңа бір формаға түрлендіріп, ұйымдастыру өте ауыртпашылықты үдеріс ретінде сипатталады. Халықаралық экономикалық үдерістер ұлттық мемлекетпен біржақты екіжақты не көпжақты ретте азды-көпті тәуелділікпен реттелетін еларалық деңгейден өзінен тыс мемлекеттік реттеуге онша да икем бермейтін түрге айналуы мүмкін;

– ұлттық мемлекеттің реттеуші функциясының әлсіздігі ұлттық экономиканы, сыртқы экономикалық тиімсіз әсерлерден бұрынғы қорғай алмайды. Ұлттық мемлекеттің жаңа функциясы пайда болады, ал оның орнына экологиялық, экономикалық дипломатиялық, антимонополиялық секілді бұрынғы функциялары өзгереді;

– мемлекеттік-монополиялық капитал интеграциялық бірігулердің халықаралық «көпжақты нарық» формасы түрінен Еуропалық Одағы (ЕО) формасына көшеді. Ұлтаралық капитал жылдам өседі;

– қаржы секторы, әсіресе қаржы нарығы ғаламдық ауқымға айналады. Бұл шаруашылық қызметтерінің жағдайын едәуір өзгертеді. Экономиканың нақты саласына салынған долларға бірте-бірте қаржы айналымы жүрген доллардың көбірек үлесі керек болады. Мұндай бір айдағы айналыс әлемдегі өнімдердің жылдық айналымына тең түседі.

Ғаламданудың себептеріне ғаламдық экономиканың құрылуының объективті қажетті шарттар тастық себептері деп есептеуге болады:

1. Қоғамдық еңбек бөлінісінің сапалы және баспалдағы өндірістік үрдістердің халықаралық бөлісіне, халықаралық өндірістік корпорацияларға ұласуын.

2. Өндеуші өнеркәсіптердің өсуі және оның негізінде даяр өнім өндірісінің, кен қазырушы өнеркәсіптің және ауылшаруашылық өндірістерінің әлемдік көлемге көтерілуі және экспорттың өсуінің туындауын.

3. Халықаралық транспорт инфрақұрылымы түбегейлі жақсарды. Елдер арасында «экономикалық» қашықтық деп аталатын қашықтық қысқарды және қысқарып келеді.

4. Электрониктер, кибернетиктер, космонавтық спутниктердің қызу дамуы негізгі

ақпараттық революция жүруде. Кей ғалымдардың ойынша, ХХІ ғасырдың бірінші жартысында ғаламдық ақпараттық қоғам қалыптасады.

ТҰК-ның серіппелі деңгейде дамуы. Мәселен, өткен жүзжылдықтың 90-жылдарының аяғында БҰҰ-ның мәліметтері бойынша бар-жоғы әлемдегі 10 ірі компания әлемдік нарықтағы телекоммуникация саласының 86% мөлшердегі 262 млрд доллар көлемін, 10 алып гигант пестицид өндірісі саласының 85% мөлшердегі 31 млрд доллар тауар көлемін қадағалаған [9].

Ғылыми-техникалық үдерістің және көптеген елдердің ашық экономикасының үйлесімділігі қарқынмен жүрді. ХХ ғасырдың екінші жартысында әлемдік жалпы өнім бірінші жартысымен салыстырғанда 3 есеге артты.

Дегенмен де ғаламдану үрдісінің теріс жақтары деп те атауға болатындар:

- қаржы капиталы билігінің шексіз өсуі, нақты капиталдың талғаусыз өсуі;
- инвестициялық ахуалдың қолайлылығы аз елдерден капиталдың жылыстауы, олардың дамыған елдер арасындағы жағдайын қиындатуы;
- дамушы елдердегі кедейшіліктің қиындауы, өмір сүрудің саралануы;
- қоғам мен табиғат арасындағы кикілжіңнің ғаламдық экологиялық апат қаупін тудыруы;
- экономикалық және басқа қылмыстардың ғаламдық күшеюі.

Ғаламданудың мәнін сапалы жаңа үрдіс ретінде келесі жағдайлармен анықтауға болады:

- адамдардың еркі мен санасынан тыс объективті заңдылық құбылыс;
- қазіргі әлемнің қоғамдық-экономикалық формада дамуы;
- жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, кластың, ұлттық өркениеттердің әртүрлі мақсаттары мен мүддесінің сипаты және мазмұнының құбылысы. Бұлардың арасындағы күрестің нәтижесі ғаламданудың бағыты мен әлеуметтік салдарын анықтайды [10].

Ғаламдық экономиканы қалыптастыру жағдайында кейбір, жеке дамыған елдер тұрақты әлемдік жетекшілікке үміткер болуы мүмкін.

Бүгінде мұндай елге АҚШ-ты атауға болады. Алайда Еуропада көбісі ертеден келе жатқан, көпғасырлық мәдени салты жоқ ел, әлемді өз артынан тек қана күшпен немесе экономикалық мәжбүрлеумен, яғни өзінің жетекшілігін таңу арқылы ертуі мүмкін. Бұл өз кезегінде көптеген кикілжің жағдайларды тудыруы мүмкін.

Зерттеулердің ескертпелері мен шектеулері, біріншіден, зерттеу құбылысының геннозисін ашумен, екіншіден, ғаламданудың экзо- және эндофакторларына талдаулардың әсеріне байланысты.

Әдебиеттер

- 1 Черковец О.В. Глобализация: экономические реалии и политические мифы. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, закон и право, 2006. – С. 4.
- 2 Robertson R. Glocalization: Time-Space and Homogeneity- Heterogeneity // Global Modernities. Ed. by M. Featherstone, S. Lash, R. Robertson. London, 1995.
- 3 Гаджиев К. Введение в геополитику. – М.: Логос, 1998. – С. 9-28.
- 4 Панарин А.С. Испытание глобализмом. – С. 280-281.
- 5 Токаев К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. – Алматы, 2000. – С. 84.
- 6 <http://globalization.ru> – Сайт по проблемам глобализации.
- 7 «Ценности, которые мы защищаем, перемены, к которым мы стремимся. Социальная справедливость в условиях глобализации экономики»: доклад Генерального директора МОТ. 81 сессия. – Женева, 1994.
- 8 Кофи А. Аннан. Мы – народы: Роль Организации Объединенных Наций в ХХІ веке. – М.: Информациология, 2000. – 132 с.
- 9 Globalization With a Human Face // UN Human Development Report. – 1999. – P. 2.
- 10 Экономическая теория: учебник. – Изд. испр. и доп. / под общ. ред. акад. В.И. Видяпина, А.И. Добрынина, Г.П. Журавлевой, Л.С. Тарасевича. – М.: ИНФРА-М, 2006. – 630 с.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

CONTENTS

1-бөлім. ЭКОНОМИКАНЫ МОДЕЛЬДЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ САУАЛДАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ	1 раздел. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ И ВОПРОСЫ МОДЕЛИРОВАНИЯ ЭКОНОМИКИ	Section 1. THEORETICAL PROBLEMS AND THE QUESTIONS OF MODELING OF THE ECONOMY
<i>Альжанова Н.Ш.</i> Проблемы развития системы риск-менеджмента на казахстанских предприятиях 3		
<i>Султанова Б.Б.</i> Профессиональное суждение как средство регулирования бухгалтерского учета 8		
<i>Сағиева Р.К.</i> Основы государственного финансового контроля в Республике Казахстан 12		
<i>Козут О.Ю.</i> Проблемные аспекты и пути решения при автоматизации бухгалтерского учета на предприятии 17		
<i>Досумова А.С.</i> Проблемы сопоставимости показателей национальных учетных систем 21		
<i>Жүнісова Г.Е.</i> Банк табыстылығын арттыру мақсатында басқару есебі мен оның элементтерін енгізу және автоматизациялау 27		
<i>Алтысбек А.</i> Сильный Казахстан – сильные регионы 33		
<i>Тастандиева Н.Б.</i> Ғаламдану процестеріне көзқарастар мен талдаулар 38		
2-бөлім. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ	2 раздел. ФИНАНСОВЫЙ РЫНОК	Section 2. FINANCIAL MARKET
<i>Арыстанбаева А.З.</i> Ішкі бақылау жүйесі және оның элементтері 43		
<i>Катаева Г.Б.</i> Проблемы классификации затрат в управленческом учете 49		
<i>Айтманова Л.</i> Основы государственного финансового контроля в Республике Казахстан 53		
<i>Мауиев А.</i> Особенности исламского финансирования 58		
3-бөлім. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ, МАРКЕТИНГ	3 раздел. МЕНЕДЖМЕНТ, МАРКЕТИНГ В РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКЕ	Section 3. MANAGEMENT, MARKETING IN A MARKET ECONOMY
<i>Нургазиева Л.А.</i> Методологические проблемы менеджмента аудиторских услуг в Республике Казахстан 63		
<i>Оңғарова Л.Н.</i> ҚР кітапхана саласының дамуы 67		
<i>Саматова Э.Э.</i> Выявление инновационных рисков для управления и устойчивого развития агропромышленного комплекса: опыт Кыргызстана 70		
<i>Аликулова А.Ш.</i> Социально культурно-оздоровительный туризм Казахстана 76		
<i>Маханова Ж.М.</i> Инвестицияларды экономикаға тарту механизмі және мемлекеттік реттеу бағыттары 82		
<i>Матаев М.Т.</i> Государственно-частное партнерство – институциональный и деловой альянс государства и бизнеса 86		
<i>Толқын А.Т.</i> Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы логистикалық байланыстардың даму болашағы 92		
<i>Тұрғанбекова Б.</i> Азық-түлік нарығындағы ет өңдеу өнеркәсіптерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру 95		
4-бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ	4 раздел. ЭКОНОМИКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	Section 4. ECONOMY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
<i>Елемесов Р.Е.</i> Знание и его функции в обществе (Концепция знания в экономических исследованиях) 99		
<i>Калиева А.Е.</i> Экономическая безопасность как объект экономических исследований 111		
Сведения об авторах..... 116		

Section 1. THEORETICAL PROBLEMS AND THE QUESTIONS OF MODELING OF THE ECONOMY

<i>Alzhanova N.Sh.</i>	
Problems of development of system of a risk management at the Kazakhstan enterprises.....	3
<i>Sultanova B.B.</i>	
Professional judgment as means of regulation of accounting	8
<i>Sagieva R.K.</i>	
Innovative development of Kazakhstan: Institutional pradoxes and traps	12
<i>Kogut O.U.</i>	
Problem aspects and solutions at accounting automation at the enterprise	17
<i>Dossumova A.S.</i>	
Problems of comparability of indicators of national registration systems	21
<i>Zhunisoova G. E.</i>	
Introduction and automation of management accounting and its elements with a view of increase of profitability's bank	27
<i>Alpysbek A.</i>	
Kazakhstan – strong regions	33
<i>Tastandieva N.B.</i>	
Views and analyses of globalization processes	38

Section 2. FINANCIAL MARKET

<i>Arystanbaeva A.Z.</i>	
System of internal control and its elements	43
<i>Kataeva G.B.</i>	
Problems of classification of expenses in management accounting	49
<i>Aitamanova L.</i>	
Prinsiples of stat financial control in Kazakhstan	53
<i>Mauiiev A.</i>	
Features of Islamic finance	58

Section 3. MANAGEMENT, MARKETING IN A MARKET ECONOMY

<i>Nurgazieva L.A.</i>	
Methodological problems of auditor services management in the Republic of Kazakhstan	63
<i>Ongarova L. N.</i>	
Development of library branch in the Republic of Kazakhstan	67
<i>Samatova E.E.</i>	
Identification of innovative risk for management and sustainable development of agriculture: the experience of Kyrgyzstan	70
<i>Alikulova A. Sh.</i>	
Socio-cultural and health tourism in Kazakhstan	76
<i>Makhanova Zh.M.</i>	
The mechanism of attracting investment into the economy and the direction of state regulation.....	82
<i>Matayev T.M.</i>	
Public-private partnership – institutional and business alliance of the state and business	86
<i>Tolkyn A.T.</i>	
Logistics perspective relations between Kazakhstan and China	92
<i>Turganbekova B.</i>	
Improving the competitiveness of meat processing enterprises in the market of the food industry.....	95

Section 4. ECONOMY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

<i>Elmesov R.E.</i>	
Knowledge and its functions in society (The knowledge concept in economic researches)	99
<i>Kalieva A. E.</i>	
Economic security as an object of economic research	111